

"Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт қаражатын бөлу және пайдалану қағидалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 маусымдағы № 374 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 776 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт қаражатын бөлу және пайдалану қағидалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 маусымдағы № 374 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін 2016 жылға арналған нысаналы трансферт қаражатын бөлуде:

"2. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға" деген бөлімде:
реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:
"

1.	Өскемен қаласындағы қоршаған ортаны қалпына келтіру. Өскемен қаласында су ресурстарын қорғау және өнеркәсіп ластаған жерасты суларын қалпына келтіру	205519	АШМ	ДБ
----	---	--------	-----	----

;"

"3. Бағдарламалық жобаларды іске асыруға" деген бөлімде:
реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:
"

1.	Еңбек дағдыларын дамыту және жұмыс орындарын ынталандыру	41260	ДСӘДМ	ДБ
----	--	-------	-------	----

;"

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

3.	Өнімді инновацияларды ынталандыру	152606	БҒМ	ДБ
----	-----------------------------------	--------	-----	----

"

"4. Техникалық көмек іс-шараларын іске асыруға" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4-жолмен толықтырылсын:

"

4	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Қарағанды қаласындағы "Қарағанды мемлекеттік медицина университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жанынан 300 төсектік көпбейінді клиникалық аурухана салу және оны п а й д а л а н у ғ а б е р у	54000	ДСӘДМ	АДБ
---	--	-------	-------	-----

"

"5. Үшжақты келісімдердің шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыз алуы жөніндегі жобаларды іске асыру үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын ұлғайтуға арналған нысаналы даму трансферттері" деген бөлім мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"

Қ о с т а н а й о б л ы с ы		240000		
8.	Қостанай қаласында сумен жабдықтау және су бұру жүйесін жаңғырту	240000	ҰЭМ	ЕҚДБ

"

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 7-бөліммен толықтырылсын:

"

7. ХҚҰ-мен ынтымақтастық бағдарламалары шеңберінде үкіметтік қарыз жобаларын және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыз алуы жөніндегі жобаларды дайындауға және с ү й е м е л д е у ғ е				
1	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЕҚДБ арасындағы техникалық ынтымақтастық бағдарламасы шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қарыз беру жөніндегі жобаларды дайындауға және сүйемелдеуге	2025367	ҰЭМ	ЕҚДБ

"

М Ы Н А :

"

--	--	--	--	--

Ж и ы н ы	1 0 1 2 1 0 4 8	
-----------	-----------------	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Ж и ы н ы	1 2 3 3 2 6 4 3	
-----------	-----------------	--

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК